



# Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№40 (10 139)

14 қазан

жұма

2022 жыл

aksuoniri@mail.ru



## АРДАГЕРЛЕРІМІЗДІ АРДАҚТАУ - БІЗДІҢ ПАРЫЗЫМЫЗ

Халқымыз – «Төріңнен қарт кетпесін», - деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ата - дәстүріміз.

Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата - ананың алдында адамның парызы - міндеті өлшеусіз болса, еңбек жолыңда өзіңе алғашқы ұстаз болған, тәлімгер, ақылшы болған, жол сілтеген алдыңғы буын аға – апаларымыздың орны тағы бір төбе. Қазақ ғұрпындағы ардагерлердің, үлкендердің алған ерекше биік орны, қадір – қасиетін бағалау, құрметтеу - өз болашағыңды сақтау.

Ата – анаға, үлкендерге не істесең, алдына сол қайтады. Дүние кезек. Сен өмір бойы жас болып тұрмайсың. Сен үлкендерді сыйласаң, сенің артыңнан ерген болашақ та қартайғанда өзіңді қадірлейтін болады.

Біз алғаш жұмысқа келгенде абырой – беделдері асқақ журналист ағаларымыз бізге үлгі – өнеге болды. Бүгінде зейнеткерлікке шығып отырған жайлары бар. Қарттар күніне байланысты сол ардагер - журналистерге арнап ақ дастархан жайып, сый – сияпат жасадық.

Ардагерлер «Орамал тон болмайды – жол болады», - дегендей аздаған сыйлығымызға риза болып, ақ баталарын берді. Біз сонда мәселе дастархан мен сыйлықта емес екенін байқадық. Бастары қосылып, өткен күндердегі қызықтары мен естеліктерін айтып, шүйіркелесіп, әңгімелесудің өзі бір ғанибет екен.

«Ата қайратты болса, бала ғибратты болады», - деген сөз бекер айтылмаған. Халық арасында ауызы дуалы, әңгімесі бәтуалы ардагер - журналистер ортамызға жаңадан қосылған жастарға да біраз ақыл - кеңестерін берді.

Шараға аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Н.Қасымбеков арнайы қатысып, ардагерлерді құттықтап, өз ықылас тілегін білдірді.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ардагер - журналист Берлібек Аманбаев атамыз өзінің жақында ғана жарық көрген "Аталар жайлы сыр" атты жаңа кітабын сыйлады.

Ардагерлерімізді әрқашан ардақтау - біздің парызымыз.

Ербол СЫМХАНОВ.

## КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ДАМУҒАН ЕЛ



Президент Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы халықтың әл - ауқатын арттыруға, еліміздегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Жаңа экономикалық бағдардың басты басымдықтары: жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, яғни, мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуынан бас тарту; бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру; ұлттық табысты әділ бөлу. Елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығын дамыту мәселелеріне ерекше тоқталды. Тіпті жердің құнары, су ресурстары мен суару жүйесі жайлы дұрыс мәлімет жоқтығы және озық технология тапшы екендігіне де айтылды.

Осыған байланысты Жолдауда ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту, шаруалардың өзара ұжымдасып ауыл шаруашылығын дамыту, субсидия көлемін арттырып, пилоттық жобаларды қолдау, саланы субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдері мен озық технологияларын пайдалану міндеттері қойылды. Кәсіпкерлікті қолдау шаралары нақты белгіленді.

Бұл – мемлекеттің, ең алдымен, шағын және орта кәсіпорындарға қаржылай қолдау көрсету, кәсіпорындарды қолжетімді несиелен қамтамасыз ету,

мемлекеттік сатып алудың жаңа жүйесіне көшу. Мұндай жағдайда ең төменгі бағаға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасына байланысты болады. Жолдауда еліміздің басты құндылығы - адам, сондықтанда ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік жасау реформаның басты мақсаты екендігіне баса назар аударылды. Денсаулық сақтау, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы, жоғары оқу орындары, студенттердің жағдайы, ең төменгі жалақы деңгейі, әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдыру, бала күтімі бойынша төлемақы төлеу мерзімін сәби 1,5 жасқа толғанға дейін ұзарту, Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың жинақтаушы есепшотына аудару, «Самұрық-Қазына» қоры таза пайдасының кемінде 7 пайызын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аударылуы алдағы уақытта халықтың әл - ауқатының артуына ықпал ететіндігі белгілі.

Осы Жолдауда көрсетілген бес бағдарды жүзеге асыруда әрбір азамат сол жауапкершілікке сай әрекет етсе ел дамуында оң өзгерістер болатындығына сенімдімін.

**К.ДӘУЛЕТБЕКОВА,**  
«АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалының атқарушы хатшысы, депутаттық фракция жетекшісі.

## Қыстың қамын жазда ойла!



**Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!**

Алдағы 2022 - 2023 жылдардың жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады.

Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік

шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

**«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**

## Назар аударыңыздар!

**Мекеме, бөлім басшыларына, ауылдық округ әкімдеріне, жеке кәсіпкерлерге, шаруа қожалықтарына!**

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №516 бұйрығымен бекітілген мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына сәйкес, 2023 жылға мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға жұмыс берушілерден өтінімдер қабылдау 2022 жылғы 01 қарашаға дейін Электрондық еңбек биржасы (ЭЕБ) арқылы электрондық форматта жүзеге асырылатынын хабарлайды.

«2021 – 2025 жылдарға арналған

кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында «Күміс жас», «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар практикасы», «Ұрпақтар келісімшарты», «Қоғамдық жұмыс», «Әлеуметтік жұмыс орындарына» 2023 жылға ЭЕБ-да өтінімдер қабылдау 2022 жылғы 03 қазаннан бастап ашылды.

Толық ақпаратты халықты жұмыспен қамту орталығынан біле аласыздар.

Байланыс телефоны: 8 (72832) 2-15-29, 2-14-87.

E-mail: aksu-center-zan@mail.ru

**АКСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ  
ОРТАЛЫҒЫ.**

**БАСПАСӨЗ - 2023**

**АКСУ ӨНІРІ**

**ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ**  
**АУДАНЫНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

"АКСУ ӨНІРІ" газетіне жазылу бағасы 1 жылға - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

ГАЗЕТ ИНДЕКСІ  
**65750**

# ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ЖАҢА ТУЫНДЫМЕН ТОЛЫҚТЫ

«Арқада Бурабайға жер жетпейді, Алашта Кенекеме

ер жетпейді», - деп қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев жырлағандай, халқының бостандығы мен жерінің тұтастығы үшін жанын қиған Кенесары Қасымұлының ұлттық тарихымыздан алатын орыны ерекше. Өлшеулі ғұмыры арғымақтың жалында, жорық жолында өткен жолбарыс жүректі баһадүр батыр халқына суықта – пана, ыстықта – сая болды. Атасы Абылайдың жолыменен атқа қонып, Алаш ұранды үш арыс елдің басын біріктіріп, азаттықтың ақ таңы үшін қасық қаны қалғанша жан аямай күресті. «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі», - демекші қайраткер тұлғаның өнегелі өмірін, ел мен жерді қорғау жолындағы қаһармандық істерін кеңінен насихаттап, бүгінгі жастардың бойына отансүйгіштік рухты сіңіру – тұтас қоғам алдындағы маңызды міндет. Кенесары ханның туғанына



қонақ, белгілі ақын, жазушы Арасанбай Жексенұлы Естенов пен жергілікті қаламгер, ақын, журналист Нүсіпбай Әбдірахым жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімін атқарып, лентасын қиды. Сонымен қатар, жиын барысында Ақсу ауданы әкімінің құттықтау хаты оқылып, кітап иесінің иығына

Жетісудағы өкілі, ақын Жангелді Немеребай бастаған рухани інілері ақ тілектерін ақтарды. Құрылымы мен мазмұны күрделі, тарихи деректерге қанық шығарма үш-төрт ғасырды қамти отырып, қазақтың басынан кешкен хикметтерді сипаттаған эпопеяға ұласқан.

Трилогияның бірінші кітабы «Арланның азуы» – панорамалық композицияда құрылған. Шығарма Кенесары қазасының бас кінәгері де, куәгері де қырғыз Орманбет манаптың шешесіне ас беруімен өрбиді. Оқиға асқа шақырылған Тезек төремен ілесіп барған Сүйінбай ақынның қырғыз Қатағанмен айтысқа түсуінен басталып, соңында оны жерге кіргізгендей етіп жеңуімен аяқталады. Осы екі арада қазақтың бүкіл тарихы көз алдан өтеді. Қазақ халқының хандық мемлекетінің туы көтерілгенге дейінгі және одан кейінгі кезеңдер қамтылады.

Романның екінші кітабы «Серт» деп аталады әрі оның арқауы – Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің тарихы мен ханның жеке тағдыры. Туындыда Кенесары көтерілісінің ерлік даңқы мен трагедиялық тағдыры тарихи-әдеби желі тартып баян етіледі. Сондықтан роман-эпопеяның бас қаһарманы – халық, Кенесары кейіндегі қазақ халқы.

Бірінші кітапта Қазақ хандық мемлекетінің құрылу кезеңі көркем кестеленсе, екінші кітапта соңғы ханы – Кенесарының қаза табуымен бірге шаңырағының құлағанына дейінгі дәуірді қамтыған.

Трилогияның үшінші томы «Рух» деп аталады. Мұнда қазақ елінің патшалық империяның отаршылдығына қарсы күресі және Кенесарының ұлы, мұрагері Сыздық сұлтанның сол күресті жалғастыруын баян етеді. Ұлт азаттық көтерілістің бәрі сәтсіз аяқталғаны тарихтан белгілі. Бірақ роман идеясы Қазақ елінің ХХІ ғасыр қарсаңында тәуелсіздікке жетуі Абылай, Қасым, Кенесары, Сыздық, кешегі Алаш көсемдерінің жанкешті қайраткерлігінің арқасы екендігін аңдатады.

Туындының өн бойынан рухты қозғайтын сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік оқиғалар, мінез-



220 жыл толуына орай, ағымдағы жылдың 8 қазанында Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында ақын, жазушы, жерлесіміз, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы мен Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері **ӘДІЛБЕК ЫБЫРАЙЫМҰЛЫНЫҢ** «Семсер жүзіндегі серт» атты роман-трилогиясының таныстырылымы өтті.

«Сәкен Сейфуллин» атындағы орталық кітапхананың ұйымдастыруымен өткен рухани шараны белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облыстық филиалының төрағасы Әміре Әрінұлы жүргізді. Көрнекті қаламгерлер мен әдебиетшілер, зиялы қауым мен БАҚ өкілдері қатысқан шырайлы шараның шымылдығын Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының жаңа тағайындалған басшысы Ермек Әбілқасымұлы Долангаранов құттықтау сөзбен ашты.

Әдеби кештің әлқиссасы қазақ руханиятының алтын қорына жаңадан қосылған құнды тарихи еңбекті таныстыруға бағытталса, одан кейін Алматыдан арнайы келген құрметті



шындығы арқау болған. Шараға жиналған зиялы қауым өкілдері оқырманға жол тартып отырған жаңа туындының жас ұрпақтың тарихи танымы мен ұлттық санасын қалыптастырудағы рөліне тоқталып, авторға ризашылықтарын білдірді. Кеш иесіне жетісулық ақындар Жазушылар одағының



құлықтық құбылыстар шынайы және кестелі түрде көрсетіледі. Бұл шығарма саяси иірімдерге бейімделген заманның шығармасы емес, ұлттық рухымыз бен намысымызды әйгілейтін, Тәуелсіздіктің төл туындысы. Сондай-ақ, романның қоғамда тарихи сана қалыптастыруда елеулі рөл атқарары сөзсіз.

Трилогияның авторы Халықаралық әдеби «Алаш» сыйлығының Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты Әділбек Ыбырайымұлы бұл еңбегін қаһарман қазақ халқына арнаған.

Шараға белгілі қаламгерлер мен әдебиетшілердің, қоғам қайраткерлерінің және БАҚ өкілдері қатысты.

**Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Талдықорған қаласы.

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ақсу өңірі» газетінің (бұдан ары қарай Газет) меншік иесі – «Ақсу өңірі газеті» ЖШС 2022 жылдың 20 қарашасы күні өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау қарсаңында үгіт материалдарын орналастырудың шарттары, тәртібі және төлем мөлшері туралы хабарландырады.

### ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҢЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

Үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңы төлемінің мөлшері: ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланған беттерге мақалалар мен модульдерді орналастыру үшін 1 шаршы см. төлемінің мөлшері - 200 теңге, газеттің интернет ресурсындағы (сайт) әрбір сөзіне – 50 теңге.

Төлем газет берген есепшот негізінде мұндай есепшот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген газеттің банктік реквизиттеріне төленеді.

**Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,**  
"Ақсу өңірі" ЖШС-нің директор - бас редакторы.

## Хабарландыру!

Матай ауылдық округі, Матай ауылы, Қожахметов көшесі №13 үй 5,6,7,8 пәтерлер. Матай ауылдық округі, Құрақсу ауылы, Абай көшесі, №16 үй 1 және 2 пәтерлер, Құрақсу ауылы, Абасилов көшесі №21 үй 1 және 2 пәтерлер, Құрақсу ауылы, Абасилов көшесі №22 үй 1 және 2 пәтерлерді коммуналдық меншікке тану бойынша сотқа талап арыз берілетінің хабарлайды. Жоғарыда көрсетілген мекен – жайларда орналасқан үйлердің иесі табылған жағдайда, Матай ауылдық округі әкімшілігіне келіп жолығуларыңыз сұралады.

**Байланыс телефон нөмері: 8 (72832) 2-34-87.**



## ТІЛ ҒҰМЫРЫ – ҰЛТ ҒҰМЫРЫ

Жуырда ақын Сара атындағы мәдениет үйінде аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің әлеуметтік тапсырысы негізінде «Yerkin» өнер академиясы ЖҚБ-ның ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ақпараттық «Тіл ғұмыры – Ұлт ғұмыры» атты кездесу өткізді.

Аталмыш жиында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу басты мақсат болды.

Мемлекеттік бағдарламаны одан әрі жүзеге асыру аясында Еркін өнер академиясының өкілі Дәулет Ауданбаев тұрғындармен мемлекеттік тілге оқытудың қолда бар мүмкіндіктері туралы ақпараттық - түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, интернет пен телевидениенің әлеуетін

барынша пайдалануды, жеке секторды халықты мемлекеттік және басқа да тілдерге оқыту бойынша шараларға белсене тартуды тілге тиек етті.

Жетісу облысы "Тіл" оқу - әдістемелік орталығы КММ Сарқан аудандық филиалының меңгерушісі Тултекенова Назым жоғарыда аталған бағдарлама аясында толыққанды түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қатысушылармен кері байланыс орнатып, сергіту сәтін жүргізді.

Артынша салыстырмалы көрсеткіш ретінде Сарқан ауданының нәтижелерімен бөлісті. Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Елубаева Айна қоғамдағы басты мәселенің бірі мемлекеттік тілдің емес ресми тілдің қолданылу аясының кеңейіп кеткенін атап өтті. Аталған олқылықтар аясында атқарылып жатқан шаралар легімен таныстырып, барша қазақ жастарын ана тілімізді қадірлеуге, ардақтауға шақырды.

**Марал НҰРҚАСЫМОВА.**





РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

XIX ғасыр. Суан мен Жалайыр, Андас пен Сиыршы арасындағы жесір дауы. Пәре мен зорлық, қорлық салдары. Қайша - Сиыршы Жақсымбет атасынан, Қарекені басқарған Сиыршы елінің 1500 түтінінен болады. Қайша көрікті қыз. Он бес жастағы Қайшаға құда түсіп, айттырылған жері Андас елі екен. Қырық жетінің жарым жартысын өтеп те қойыпты. Қыздың он алты жасқа келген кезі. Әйелі қайтыс болған, жетпіс жастағы Суан елі болысынан астыртын келген үш адаммен қыз әкесі Бұқашбай келісіп, қаперсіз қызды алдап арақ ішкізіп, пошта пәуескесіне салып жібереді. Ес жиған қыз жолда (Қоғалы) жігіттердің қара күшіне қарсы тұра алмай, жылап еңіреп, кете береді. Сөйтіп, Суан Стамшал болысқа Сиыршы Қарекені астыртын Қайшаны сатып жібереді. Оны білген Жалайыр Андасарды намыс кернеп, Қарекені болысқа барады. Қарекені мен інісі Бұқашбай мырза таптырмай, қашып кетеді. Бұқашбай мен Қарекені Есқожаұлы Төребай (ақын) досы Жалғызғаштағы тамыр орыстың үйіне апарып тығады. Ақырында Андасдың жақсыларынан дау қуған үш жүз адам көп олжаға қарық болып, іс насырсыз, пәтуалы бітеді. Бұл оқиға ел аузында сақталып қалған. Алтынемел болысы Абылайханов Нұралыұлы Тезек төре «қош» көретін, Есенгелді ақынның ақ қағазға жазып, ұрпаққа қалдырған туындысы екен. Туынды баспа бетін көрмеген. Ел тануға арналған өтенді материал. Ел іші белді кісілер есімдері аталып, оқиға немен тыңғаны дәйекті келтірілген. Есенгелді ақынның туындысы басына өлеңнен аннотация беріледі. Оның авторы белгісіз. Есенгелді ақын туралы да танымды деректер тапшы.

Дүние баяны жоқ, жалған екен,  
Пендеге жалғандығы арман екен.  
Абақ пенен Тарақ арасында,  
Аз әңгіме кейінге қалған екен.  
Қарекені Сиыршыда болыс күнде,  
Бір қызы Бұқашбайдың болған екен.  
Қайша қыз сұлу деген аты шығып,  
Жайылып Суан жаққа барған екен.  
Суанда Стамшал болыс дәулеті мол,  
Сол кезде қатыны өліп қалған екен.  
Астыртын кісі салып Қарекені,  
Зорлықпен Қайша қызды алған екен.  
Стамшал мықты болыс Суандағы,  
Ескі адам аты шыққан дуандағы.  
Мықтылар қолы жеткен не қылмайды,  
Олардың жүрген жері думандағы.  
Стамшал дәулеті мол, өзі болыс,  
Белінен Үйгентастың қылған қоныс.  
Айшаның сұлулығы бір дуанға,  
Айрықша ел аузында болды дабыс.  
Стамшал Қайша қызды көріп кел деп,  
Інісі Үмбетәліге етті табыс.  
Інісі жұмсаған соң барып келді,  
Хабарын бара сала алып келді.  
Андаста Ырғызбайдың жесірі деп,  
Ішінен Үмбетәлі налып келді.  
Қайшаны Үмбетәлі көп мақтады,  
Тым артық қыз екен деп бек мақтады.  
Қайшаның сұлулығы хор қызындай,  
Еш жерден жаман деген мін таппады.  
Стамшал елін жиып ақылдасты,  
Көп адам бұл ақылды мақұлдасты.  
Андастар «кісі алса да, шыдаймыз» деп,

Баталасып ақсақалдар «мақұл» десті.  
Стамшал Қарекені кісі салды,  
Хабаршы Қарекені келіп қалды.  
Бір мың сом пәре ақша беріп,  
Қарекені мен Бұқашбай алып қалды.  
Жесірін Андасардың сатып алып,  
Аяғы бір тамаша болып қалды.  
Қарекені болыс болды елді қанап,  
Өзіне мың жарым үй тұрған қарап.  
Суанның бір шалына қызды сатып,  
Ақшаны бумасымен алды санап.  
Қарекені шешен екен сөзге епті,  
Бұқашбай өңді екен, қызыл бетті.  
Асқан соң Қарекенің ептілігі,  
Қашырып Қайша қызды жіберіпті.  
Үш Суан қамыт-сайман ала кепті,  
Шанаға тарта алмас деп, екі ат жекті.  
«Ойпырмай, Қарекені не болды?» - деп,

Естіген Жалайырдан маза кетті.  
Жігіттер жапырласып жекті шана,  
Құдайдың құдіретіне бар ма шара?  
Айырып ақ некесін, қызын сатып,  
Қарекені, Бұқашбайдың ісі қара.  
Бұқашбай қызын сатты Суанға ұрлап,  
Бұл іске намыстанды Андас шулап.  
Он жігіт Биекеден асырып сап,

Ақылбай бастығы боп қайтты қунап.  
Үш Суан Қайша қызды алып кетті,  
Шанаға пошта тартқан салып кетті.  
Теңінен құдай қосқан ажыратып,  
Бір шалға Қайша сұлу налып кетті.  
Апырмау, Жағалбайлы Төребайсың,  
Шаңына Андасардың ере алмайсың.  
Бас қосса Жалайырдың жақсылары,  
Дидарын ертеңгі күн көре алмайсың.  
Төребай шолтаңдадың шолақ аттай,  
Қызыққа бұл Жақсымбет жаңа батты-ай.  
Айдаған Төребайды қандай сайтан,  
Жастанып, етін жеп, үйде жатпай.

\*\*\*

Ақ қағазға хат жазған,  
Ақындардың бармағы.  
Қайша қызды өлең қып,  
Есенгелді ақын жазғаны.

Сәлеміне бір қыз бергені.  
Төрт болыс Суан бар еді,  
Қарекені қоршаған.  
Суанға сатып Қайшаны,  
Бұл қорлыққа шыдамай,  
Андас тыныш жата ма?  
Неше әулие болса да,  
Қарекені мен Бұқашбай,  
Жолығарсың батаға.  
Құдайдан қорыққан мұсылман,  
Ақ некесін айырып,  
Ақшаға қызын сата ма?  
Ертең де сені көрміз,  
Мұндай қылық Қарекені,  
Жақпайтуғын атаңа.  
Құдайменде, Байқоржын,  
Андастың артық шегелі.  
Есенаман, Досанмен,  
Ақылы асқан кемелі.

# ҚАЙША

Қаперсіз жатқан Қайшаны,  
Үйде жатып Стамшал,  
Лебізімен тартып алғаны.  
Айтыңдаршы ағайын,  
Сөзімнің бар ма жалғаны.  
Бағып жүрген Андастың,  
Жесірін сатып Суанға,  
Жер соқтырып қалғаны.  
Ақ шабақ еді Қайша қыз,  
Жүзіп жүрген көлдегі.  
Тоты құс еді сыланған,  
Жақсымбет деген елдегі.  
Өкеңе болсын обалың,  
Құдай қосқан теңіне,  
Апырмау, не ғып бермеді.  
Қызға қызық сол екен,  
Ірге басар жетектеп,  
Оң жақта күйеу келгені.  
Бәрекелді Қарекені,  
Үйде жатқан Суанның,

Орман менен Сақбайдың,  
Өзгеден артық өнері.  
Сердалы, Саяқ, Қожахмет,  
Халқының өншен берені.  
Аталық пен Керімқұл,  
Бұл Андастың зерегі.  
Бабақажы, Сәдібек,  
Атасы ноян ер еді.  
Болмаса да би, болыс,  
Қатарда басы тең еді.  
Қаракұс пен Тышқанбай,  
Етек-жеңі кең еді.  
Бересі бар Байқоржын,  
Қарекені келеді.  
Жалғыз болыс Сиыршы,  
Жазанды енді береді.  
Жомарт болған Мысырда,  
Сәдуақас Қасымы,  
Бекберген мен Қожабек,  
Олардың жаман ашуы.



Әулиенің тұқымы,  
Қасен де жақсы нәсілі.  
Бала болыс Жарша да,  
Шыны болат асылды.  
Кериясы Тазабек,  
Өнері әбден ашылды.  
Селтендеп шыға қалып ең,  
Асықпасаң Қарекені,  
Осылар құртар басыңды.  
Құдай сүйген пенденің,  
Артық жазар несібін.  
Суанға сатып жібердің,  
Андастың айдай жесірін.  
Сиыршы ғана басымен,  
Суанға сатып жіберді,  
Бұл Андастың осымен.  
Алтын кірпік, ақ маңдай,  
Қайша қыз асыл жаралған.  
Қайша қыздың өлеңі,  
Өр тарапқа таралған.  
Жетінар да сорлы екен,  
Жинаған малын адалдан.  
Қалың малды Қайшаға,  
Беріспек Андас араңнан.  
Көгермес Андас осыдан,  
Қарекені пәре алған.  
Ойлаңдар көп Андас,  
Пәреге мойын бұрмаған,  
Асылбек ерді көрмеп пе ең.  
Қошақанға қылғанын.  
Шалды сүйіп Қайша қыз,  
Еркіменен кеткен жоқ.  
Арақ беріп, мас қылып,  
Пәуескіге салысты,  
Қоғалыға барғанда,  
Есін жиып алыпты.  
Есін жиып алған соң,  
Сол жерде ойран салыпты.  
Қарекені де оңалмас,  
Көз жасына қарамай,  
Өз баласын налыпты.  
Андасқа енді жайылды,  
Қайша қыздың хабары.  
Расына көз жетпес,  
Төмен менен жоғары.  
Өз қолымен қашырып,  
Бұқашбайдың бар ма оңары.  
Қарекенің белгісіз,  
Енді қалай болары.  
Үш жүз Андас келді деп,  
Келіп те қалды хабары.  
Елу үй тігіп, мал сойып,  
Дайындалып тұрады.  
Келіп қалды топ-топ боп,  
Көрінбес боп бұрқырап,  
Тозаң менен тұманы.  
Бұқашбай мен Қарекені,  
Қашып барып тығылды,  
Мекен қылып қаланы.  
Жасырынбасақ болмайды,  
Кимешекті кигізіп,  
Жаулықты басқа салады.  
Андастар келіп атойлап,  
Кез келгенін таптады.  
Пышақпен іліп жарады,  
Ақтаған тарысын қаптағы.  
Ақтаған тарысын атқа іліп,  
Топырағын тозаң қып,  
Талқандап кетіп барады.  
Жесірім қайда? Тапқын! – деп,  
Ат бауырына алады.  
Тоқтаңыздар! Тоқта! – деп,  
Жалайыр кірді араға.  
Қарекені мен Бұқашбай,  
Қашып жатыр қалада.  
Көптеген соң Жалайыр,  
Еркіне оны қоя ма.  
Атаның жолы осы деп,  
Алдарына билердің,  
Тоғыздан тоғыз салады.  
Бір бие мен бір қойды,  
Үй басына сояды.  
Он үш жасар бір қызды,  
Қалың малсыз алады.  
Үш жүз байтал кесік қып,  
Осымен тынып қалады.  
Жалайыр кіріп араға,  
Андасты енді тоқтатты.  
Қарекені мен Бұқашбайды,  
Жалғызғаш орысы,  
Үйіне тығып сақтапты.  
Андастың ноян бектері,  
Жекелеп мінді әр қайсы,  
Майы құры жақсы атты.  
Қарекені мен Бұқашбай,  
Андастың сатып жесірін,  
Талқандатып ауылын,  
Жау шапқанға ұқсатты.  
Қаптап келіп көп Андас,  
Жауған қардай борады.  
Жалғыз болыс Сиыршыны,  
Алды-артынан орады.  
Үш жүз байтал бітім ап,  
Көп олжаға таласып,  
Бөліп алып жарасып,  
Андастар елге тарады.  
Алды қызық, арты шоқ,  
Атқа мінген азамат,  
Жей көрмеңдер пәрені.  
Айтқаның беріп Андастың,  
«Құтылдық» деп пәледен,  
Сиыршы демін алады.  
«Пайда алам» деп, зиян қып,  
Осымен болды тамамы.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ

**Тұрардың әйелі**

Тұрар, мен бір сұлуды тұрмыс құрған кезімде кездестірдім. Осылайша жұлдыздар пайда болды, кездесу тағдырлы болды. Менің әйелім Александра болды, ол маған ұл туды, Менің әйелім болуға бірден келісім бермегені есімде. Красноярскіден Германия шекарасына дейінгі шайқастардан өтті. Содан біздің полк шығыс майданға ауыстырылды. Арнайы бөлімдегі қызмет бізге артықшылық бермеді, Жапонияның бұл қырғынға неге араласқанын түсінбеймін. Барлығы үшін соғыс кезеңде, мамырдың басында аяқталды, Ал соңғы шайқаста Маньчжурияда жау шебінің артында өттік. Тапсырманы абыроймен орындап, олар бейбіт өмірге оралды, Сыйлық ретінде тапанша алып, мен де сүйіктіме бардым. Сашенканың шаң бөлшектерін үрлеп, Мырзагелдің ұлын сүйген, Бірақ, олар айтқандай, жазылмаған нәрсе орындалмайды. Менің орысқа тұрмысқа шығуым ата-бабамның жоспарына кірмеген, Барлық артықшылықтар мен кемшіліктерді таразыға салып, біз бейбіт түрде жолдарды бөлуді шештік. Көп ұзамай Тұрарға үйленіп, құшағына батып кеттім, Уақыт өте келе, сезімдер өздігінен пайда болды. Барлық адамдар сияқты мен де ұл күттім, мұрагер, Жасырмаймын, Ұлдары аман қалмады,



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ.

**МЕНИҢ ӘКЕМЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТІМ МЕН АЛҒЫСЫМ**

соғысы орденімен, көптеген медальдармен, барлау роталарының командирлерін дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталған. Орыс, украин тілдерін жетік білген. Сонымен қатар ол моңғол және жапон тілдерінде сөйлеген. Жоғары дәрежедегі патриот, еңбек ардагері, музыкант скрипка мен фортепианодан басқа барлық аспаптарда ойнаған, аңыз-өңгімелер жинап, қазақ тілінде өлеңдер жазған. Олардың кейбірімен кітаптың осы бөлігінде, менің аудармамда кездесесіз. Шәмші Қалдаяқовпен, Мұқағали Мақатаевпен жақын таныс, Абай, Шәкәрім шығармашылығын сүйіп, Фатима Ғабитованы құрмет тұтқан. Ол Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күйлерін сүйіп, Ермек Серкебаев пен Күләш Байсейітованың орындауындағы әндерді ерекше сүйсініп тыңдайтын. Роза Бағланованы «Азамат» деп сүйіспеншілікпен атайтын, оны майданнан танитын. Оның бойында турашылдық пен адалдық сияқты қасиеттер басым болды. Мәселен, Сәбит Мұқановтың туыстарының көзінше олар-



Алланың жазасы деп ойладым кейде. Олар менің қызымның тірегі болды, енді мен өлемге олардың көзімен қараймын, Аллаға мың да бір шүкір жердегі қуаныштары үшін, аяулы қыздарым үшін. Мұсылмандар айтқандай үш қыз «сауап» болсын. Ал менде олардың жетеуі бар, мен жәннатқа үміттенемін, бұл әлдеқайда маңызды.

**Менің Отаным**

Туған жерім, Арасаным, Баян жүрек, Мен өмір сүргенше мен сені әрқашан жақсы көремін Жасым ұлғайған сайын тереңірек түсінемін Менің жерімнен әдемі ештеңе жоқ. Менің отбасым қарапайым емес, ең асылдан, Достоевскийдің өзі әжемде қонақта болды. Шоқанды, Аткинсонды қымызбен емдеген, Ол тастан жасалған кең киіз үйде тұрған дейді. Ол дана болды, туыстарынан айыра алмады, Балаларына келін мен күйеу бала таңдаған. Он бес жасында қызы Тәтиман үйленді, Олжабай руынан шыққан жетім балаға анам, Анам қызылдардың келгеніне қуанбады, Мен өз үкімімді интуитивті түрде болжадым. Сондықтан Қытайға қашқан қандастар, Ол шекарадан жасырын түрде үйірлерін айдап өткен. Салдарын болжау, тегін өзгерту, Ол мені жетім, балалар үйінде тәрбиеледі. «Халық жауының баласы» деген стигмадан қорықты. Иеден айырылып, оның өзі сотқа тартылды. Есімде, туған жерімде, сонау тауда, Сирек кездесетін қар барыстарын кездестіруге болады. Таулардың басынан суаратын жерге түсу маңызды болды, Күшіктерін жетектеп келе жатқан әдемі ақ қасқыр. Бірде мен жүз метрден барысты байқадым, Мен бұл туралы ағама айттым, ол маған сенбеді. Әже бұл жақсы белгі екенін айтты Сондықтан Алла маған ұзақ ғұмыр берді.

мен бір дастархан басына отырудан бас тартып, оны ел алдында бірнеше рет сатқын деп атаған. Ол Бибігүл Төлегеноваға да екіұшты пікір білдірді. Ол Күләш Байсейітованың барлық қиыншылықтарына кінәлі деп есептеді. Әкемнің талғамы жоғары, әрқашан ақылды да жинақы, жайдары, жанашыр, жұмыста да, туыстары мен достары арасында да сыйлы. Оның ұраны: – «Жолды жаяу жүргінші игереді». Бұл кітапты тағдыры өте ауыр, елінің патриоты, өз сенімін ешқашан сатпаған әкем Бостан Рызабековке арнадым. Өз заманының қаһармандары деп атаған тұлғаларға арнаған бірнеше өлеңдерім жариялаймын. Аударма кәсіби болмауы мүмкін, бірақ қатаң баға бермеңіз, өйткені мен өзімді қалам акуласы деп санамаймын. Кітаптың бірінші бөлімінде мен ерекше рухани жақын қарым-қатынаста болған әкемнің шығармашылығымен таныс боласыз. Міне, оның отбасы туралы жазғандары.

Ғалия БОСТАН, қызы, "Шабыт" шығармашылық орталығының директоры.

**Рызабеков Бостан РЫСБЕКҰЛЫ, Ұлы Отан соғысының ардагері.**

Ұлы Отан соғысының ардагері Рызабеков Бостан Рысбекұлы Отан үшін от кешіп, соғысқа дейін де, соғыстан кейін де аудан экономикасының дамуына үлкен үлес қосқаны туралы айтып, әке атына аудан орталығында көше атын беру туралы ұсынысын көтеріп жүрген қызы Ғалия Бостан редакциямызға келіп, өзінің "Жадының алтын жібi" атты жаңадан шыққан кітабынан әкесі туралы сыр шертетін "Менің әкеме деген құрметім мен алғысым" атты мақаласын әкелген еді. Әкесі Бостан Рысбекұлы батыр ғана емес ақын да болғанын байқадық. Бірақ кітап орыс тілінде шыққан екен. Газетіміз қазақ тілді болғандықтан мақала мен өлеңдерді қазақшаға аударуға тырыстық.

Алдымен мақала авторы Ғалия Бостан туралы айтып өтейік. Ғалия Абакумовка ауылында, қазіргі Жансүгірова ауылында дүниеге келген. Бала кезінде Молалы шағын станциясында, Абакумовка ауылында тұрып, мектепті Жансүгіров ауылында бітірген. Мектепті бітіргеннен кейін Талдықорған қаласының медициналық училищесіне оқуға түсіп, оны бітірмей, құжаттарды алып, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының педагогика және психология факультетіне оқуға ауысады. Бітіргеннен кейін білім, мәдениет саласында жұмыс істейді. Оның өмірбаянында спорт, акробатика, волейболмен айналысу ерекше орын алады. Институтқа оны гандболдан Жен-ПИ командасына қабылдағаннан кейін түседі. Біраз уақыт дене шынықтыру мұғалімі, жаттықтырушы болып жұмыс істейді. Психологияға деген Елеулі құмарлықтар оны Целиноград қаласындағы психотерапевт курстарына алып келді. 1993 жылы Омбы зоотерикалық құпия ғылымдар Жоғары мектебін қызыл дипломен бітіріп, психолог болып жұмыс істейді. Бес жыл бойы әртүрлі мектептерде рухани тәжірибеден өтеді. Космоэнергетов Э.Багирова, Ақмола қаласындағы мешітте араб тілін оқыту курстарында оқиды. Рейки шеберлерінің курстары, З.Қожалымов орталығы жанындағы халық емшілерінің курстарынан өткен. Содан кейін Мастер и. Болховцеваның "Алтын Лотос" мектебіне космоэнергетика курстарынан өтеді. Ол өлеңдер жинағын шығарады. Бурабай ауылында "Шабыт" шығармашылық орталығын құрды, балалар мен ересектерге арналған әндер жазады. Ол бірнеше әнұран жазды, "Көкшетау", "Бурабай", "Зағи Звезда", "Ару Астана". Философиялық тақырыпта жарияланымдары бар, биоэнергетикалық емшілік бойынша әдістемелік әдебиеттер жарық көрді. Орыс тілінде де, қазақ тілінде де жазады.



Әкем Рызабеков Бостан Рысбекұлы Алматы облысы, Қапал ауданы, Баян Жүрек ауылында дүниеге келген. Қапал ауылындағы мектеп-интернатты үздікке тәмамдап, кейін Қапал педагогикалық техникумын бітірген. Ал, 1939 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылды. Әскерде өзін қаруды өте жақсы меңгерген білімді жас ретінде көрсетіп, қолбасшылықтың жоғары бағасын алып, қайта даярлау үшін Красноярск қаласындағы рота командирлерінің жеделдетілген курсына, одан Киев қаласына жіберіледі. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушысы. Киев танк училищесін бітірген мансаптық офицер. Отставкадағы аға лейтенант. Отан алдындағы қызметі үшін жеке қарулармен марапатталған. Соғысты 1946 жылы аяқтады. Әскери қызметі үшін арнайы бөлімнің штабында Отан



Ортада Бостан әке, сол жағында әйелі, оң жағында әпкесі, суретте немерелері Нұрлан, Назым, Салтанат, Ақмарал.

Бостан Рызабековтің қыздары – Қаншайым, Қарлығаш, Қаламқас, Ғалия, Айман, Шолпан, Бақыт.







Балаға ертегі айту



жалғыздық пен достық, өзімшілдік сияқты қасиеттердің мәні ашылады.

Ертегі – баланы тәрбиелеудің таптырмас бір құралы. Көбінесе, балалар өздерін ертегідегі бас қаһарманға ұқсатады, онымен бірге қиял әлеміне түскен бала бүкіл ертегі барысында алда тұрған белестерді шегеріп, асуларды бағындыруға аттанады. Демек, баланың ой - өрісін дамытуда дұрыс таңдалған ертегіні, әрі кейбір қиын жайттарды балаларға жеңіл тілмен түсіндіруде ана-ананың маңызы зор.

Сол себепті балаға ұйықтар алдында ертегі оқудың пайдасы мол. Ертегілерде әр істің соңы жақсылықпен аяқталатыны, жетістіктерге тек қиындықтар арқылы жететіні, адал адам бір күні жақсылыққа қол жеткізетіні жөнінде баяндалады. Қандай жағдай болса да, балаға ұйықтар алдында міндетті түрде ертегі оқыңыз. Олар аңыз-әңгіме арқылы өсіп, қиялы қарыштайды. Зейініңмен, махабатыңмен, жүрегіңмен ата-ананың ертегі айтқанымен баланың қиялы өсіп, армандап елестетеді.

Ақжарқын ҚАМАРОВА, логопед.

101 ХАБАРЛАЙДЫ

Егер автокөлігіңізде өрт шықса...

Өрт кез - келген автомобиль иесінің қорқынышты түсі. Өрттен кейін автокөлікті қалпына келтіру мүмкін емес, бірақ өрт болған жағдайда әрекетсіз қалуға болмайды. Автокөліктің өртенуінің негізгі себептері: электр сымдарының қысқа тұйықталуы, автокөлік ішінде темекі шегу кезінде абайсыздық, жанар - жағармайдың ағуы және оның қозғалтқыштың қыздырылған бетіне түсуі, қыс мезгілінде қозғалтқышты қыздыру үшін ашық отты пайдалану, электр - газбен дәнекерлеу жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде отты абайсыз пайдалану болып табылады. Осындай жағдайларды болдырмау үшін ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАҢЫЗДАР!



ашық отты, қолдан жасалған элетр жылыту аспаптарын пайдалануға жол берілмейді; - Гараждың үй – жайларында жиһаз, жанғыш материалдардан жасалған үй тұрмысындағы заттар, сондай - ақ, ТТС (тез тұтанғыш сұйықтық), ЖС (жанғыш сұйықтық) сақтауға жол берілмейді; - Гараж үй - жайларында темекі шегуге қатаң тыйым салынады;

- Автокөлік тораптары мен механизмдерін жарамды күйде ұстаңыз; - Аккумуляторлық батареясын тікелей көлік құралдарында, сондай-ақ, осы мақсаттарға бейімделмеген үй - жайларда қайта зарядтауға жол бермеңіз; - Гараж үй - жайын жарықтандыру және жылыту сондай-ақ қозғалтқышты жылыту үшін

Өрт пайда болған жағдайда жүргізушіге автокөлікті тоқтатып, қозғалтқышты өшіру, аккумуляторлық батареяны ажырату, жолаушыларды автокөліктен эвакуациялау және орын алған оқиға туралы 101, 112 байланыс телефондарына хабарлау қажет. Содан кейін ағашқы өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіру бойынша шаралар қабылдау қажет.

Газ баллондарын пайдалану тәртібі

Қазіргі кезде тұрмыста газ баллондарын пайдалану тұрғындар арасында кең тараған. Көгілдір отынның пайдасы зор болғанымен өте қауіпті зат болып табылады. Сондықтан келесі ескертулерді есте сақтағандарыңыз жөн:

- Газ баллонын ауыстырғанда немесе толтырғанда қақпақтың саңлаусыз жабылуын тексеріп алыңыз; - Бүтін шығыршықты жарық кесінді және кедір-бұдыр болмауға тиіс. ЕГЕР СІЗ ГАЗДЫҢ ӨТКІР ИІСІН СЕЗІНСЕҢІЗ: 1. Шүмекті жабыңыз; 2. Бөлмені немесе үйді желдетіңіз;

- 3. Апат қызметін шақырыңыз (104). Газ жайламаған бөлмеден немесе көрші үйден, даладан телефон арқылы шақыртқан жөн; 4. От жақпаңыз, ешқандай электр құралдарын қоспаңыз және өшірмеңіз; 5. Газ шыққан жерді сабын көбігінің көпіршіктері арқылы анықтауға болады. Міне, осындай газ құралдарын (баллондарды) пайдалану кезінде қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін орындасақ, біз әрқашан өрт апатының алдын аламыз және де өмірімізді, дүние - мүлкімізді аман сақтаймыз. Газ баллонын пайдаланғанда сақ болыңыздар!

Жемқорлыққа қарсы күрес - басты міндет

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық заман мен бірге өсіп - өркендеген, небір тегеруінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайдан мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтары болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы. Ол жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке, қауіп-қатер әкелетін індет. Сондықтан да Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының



негізгі басымдылықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу болып отыр. Кез - келген азамат төтенше жағдайлар бөлім қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне қарсы Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің

8 (72832) 2-13-86 сенім телефонына хабарласа алатынын ескертеміз. Елбасымыз атап айтқандай, «Сыбайлас жемқорлықпен күрес қылмыскерлерді жазау жөніндегі табанды шаралар ғана емес, бұл мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының тұтас кешені». Сол себепті әрбір Қазақстан Республикасының азаматы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

Мәди БАЗАРБАЕВ, Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау капитаны.

19 қазан ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің төл мерекесі

Ақсу ауданында алғашқы өрт сөндіру бөлімі 1962 жылы құрылды. Сол кезден бері өртке қарсы қызмет бөлімі бірнеше басқарма, Агенті, Министрлігі құзырларында болды. 1995 жылғы 19 қазанда Төтенше жағдайлар қызметі құрылған болатын. Ол Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің №2541 Әкімімен «19 қазан – Құтқарушылар күні» деп ресми түрде жарияланды. Содан бері жыл сайын бұл күн біздің төл мерекеміз ретінде аталып өтуде.

Аудан бойынша Төтенше жағдайлар бөлімі, №6 өрт сөндіру бөлімі және Қапал ауылында №18 өрт сөндіру бекеті жұмыс атқаруда. Аталған мекемеде барлығы 34 қызметкер қызметтерін атқаруда.

Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімі бұдан әрі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою



мемлекеттік жүйесінің қызмет етуін және одан әрі дамуын қамтамасыз етеді. Қауіп - қатер болатынын жүрегіміз сезседе, елімізде, облысымызда аудандар да төтенше жағдайларға қарсы мамандар жан - жақты істер атқаруда. Өйткені, адам табиғаттың бірінші байлығы. Осында атқарылған игі істер жөнінде берген мәліметті газет оқырмандарына ұсынуды және Жетісу облысы ТЖД қызметкерлерін құттықтауды жөн көрдік.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер өр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе - бет келеді. Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың Конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой



алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлық дендеуіне септігін тигізуде.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағымдары. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір - қасиетін құрметтеуге міндетті. Нұрдаулет ЖАҚСЫБАЕВ, аудандық ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г Редакция алқасы: Жауапты хатшы - Ербол СЫМХАНОВ, Бас есепші - Гүлжан МҰҚЫШЕВА

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар оңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2280

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90. Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz Индекс: 65750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.